www.aigak.kz

RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET

# АЙҒАҚ
MEDIA

Gazet Qazaqstan Jýrnalıstika Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERYBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri

№03 /sársenbi/ 24 qańtar 2024 ж.

## КҮКІРТ ҚЫШҚЫЛЫ ЗАУЫТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫНА ИТАЛИЯ КОМПАНИЯСЫ ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕДІ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Италияға жұмыс сапары барысында маңызды келісімдерге қол жеткізді. Солардың бірі — Түркістан облысы, Созақ ауданында күкірт қышқылын өндіретін зауыт салу жобасы. «Қазақстан-Италия» инвестициялық дөңгелек үстелі аяқталған соң, Мемлекет басшысының қатысуымен бірқатар екіжақты құжаттарға қол қою рәсімі өтті.

«Самұрық-Қазына» АҚ мен Balestra компаниясы арасында Түркістан облысы, Созақ ауданы, Тайқоңыр ауылында жылдық қуаты 800 мың тонна болатын күкірт қышқылы зауытын салу жобасының шарттары мен мерзімін айқындайтын келісім жасалды.



Айта кетейік, өңірде облыс әкімі Дархан Сатыбалдының бастамасымен индустрияландыру және өндіріс орындарын ашуға басымдық беріліп жатыр. Бүгінде «Қазатомөнеркәсіп ҰАК» АҚ өз инвестициясы есебінен Түркістан облысы, Созақ ауданында күкірт қышқылын өндіретін зауыт құрылысын салу жұмысын бастауда. Арнайы жер бөлініп, сәулеттік-жоспарлау тапсырмасы әзірленген. Жобаның операторы бекітілген. Аталған жобаның құны — 100 млрд. теңге. Зауыт ашылған соң 274 адам жұмыспен қамтылады деп күтіліп отыр.

**Ақорда.**

## КАНВОН-2024: ЖАСӨСПІРІМДЕР ОЛИМПИАДАСЫНДАҒЫ ТАРИХИ АЛТЫН



Шаңғымен тұғырдан секіру сайысында 38 қарсыласпен сынға түскен Илья Мизерных чемпион атанды, деп хабарлайды ҚР Туризм және спорт министрлігі.

Илья Мизерных – 214 ұпай
Ники Хаммл – 210,7 ұпай
Лукаш Лукащук – 209,7 ұпай
Илья Шильников – 124,4 ұпай

«Қысқы Жасөспірімдер Олимпиадасындағы алғашқы алтын медаль құтты болсын, Қазақ елі! Бұл — Жасөспірімдердің қысқы Олимпиадасы тарихында біздің спортшылар жеңіп алған тұңғыш алтын. Жарыстың алғашқы күнінде шаңғымен тұғырдан секіруде бәсекеге түскен Илья Мизерных барлық қарсыласынан басым түсіп, жеңістің ең биік тұғырына көтерілді. Бастама өте жақсы. Осы алтын медаль барша спортшыларға жұғысты болсын! Құтты болсын!», — деді Ермек Маржықпаев.

Бүған дейін жерлестеріміз 3 Олимпиадада 1 күміс, 4 қола жүлде алған еді.

**Елорда.**

## ЖАҢА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АШЫЛДЫ

Қазақстан-Қытай шекарасында орналасқан Достық ауылының маңында жаңа халықаралық сауда-логистикалық орталық өз жұмысын бастады. Аталған жобаны Dostyk Storage ЖШС Мемлекеттік кірістер комитетімен бірлесіп жүзеге асырған болатын. Көзделген негізгі мақсат — трансшекаралық логистикалық инфрақұрылымды дамыту және «Алакөл» жол өткелінің өткізу қабілетін арттыру, деп хабарлайды ҚР Көлік министрлігі.

Бұған дейін Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жүк көліктерінің Қазақстан-Қытай шекарасы арқылы өтуін жеделдету туралы бірнеше рет айтқан болатын. Осылайша, бизнес пен Үкіметтің бірлесе қатысуымен жүктерді өткізу қабілеттілігін арттыру және оны рәсімдеуді жеделдету шаралары жүзеге асырылды.

«Жүктерді өңдеу және сақтау үшін осындай орталықтар ашу Мемлекет басшысының тапсырмасы шеңберінде жүзеге асырылуда. Аталған орталық өз кезегінде шығыс шекарамыздағы алғашқы орталық әрі Достық — Шығыс Қазақстан мен Еуропа шекарасындағы ең озық бастама болып табылады», — деді кешеннің ашылу салтанатында ҚР көлік вице-министрі Мақсат Қалиақпаров.

Dostyk Storage қоймасының құрылысы қысқа мерзімде жүзеге асырылды. Жаңа қойма кешені «Достық» кеденінің «Алакөл» кеден бекетінің өткізу қызметін тәулігіне 200-ден 600 жүк көлігіне дейін арттырып, тәуліктік жүк айналымын 4 мыңнан 12 мың тоннаға дейін ұлғайтады деп күтілуде. Бұл жүк айналымын 1 миллион тоннадан 3 миллион тоннаға дейін еселенбек.

«Қазіргі таңда «Алакөл» кеден бекеті арқылы бір бағытта небәрі 180 көлік өтеді. Биыл бұл бекетті жаңғырту жұмыстарын аяқтап, жүк ағынын 500 көлікке дейін ұлғайтуды көздеп отырмыз»,- деді ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің төрағасы Жандос Дүйсембиев.

Dostyk Storage ЖШС логистикалық орталығы 13,5 гектар аумақта орналасқан. Оның 3,5 гектарын үй-жайлары мен қойма инфрақұрылымы алып жатыр, ал 10 гектары жүк көліктерін қоюға бөлінген. Жобаға арналған жеке инвестиция 2,8 млрд теңгеден астам соманы құрады. Кешен 3 жылдық мерзімге 100 пайыз құрылтайшысы Мемлекеттік кірістер комитеті болып табылатын Nur Zholy customs services мемлекеттік кәсіпорнының басқаруына берілді.

## КӘСІПТІК ОҚЫТУ КУРСТАРЫ ЕНДІ ENBEK МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНДА ӨТЕДІ

Enbek мобильді қосымшасында жаңа дағдылар мен құзыреттерді игеру мүмкіндігі пайда болды. Енді Skills Enbek кәсіптік оқыту платформасында орналасқан курстарды смартфон арқылы оқуға болады, деп хабарлайды ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

Қосымшада пайдаланушыларға оқу үшін курстарды іздеу, берілген мамандықтар немесе дағдылар бойынша таңдау мүмкіндігі, сондай-ақ кілт сөздер бойынша кеңейтілген іздеу қол жетімді. Курсты таңдағанда, пайдаланушы оның сипаттамасымен, ұзақтығымен, сабақтар мен тапсырмалардың санымен, авторымен таныса алады. Пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін «Диалогтар» бөлімінде авторлармен кері байланыс қол жетімді. Оқу барысы мен оқу тарихы жеке кабинетте, «Менің оқуым» бөлімінде қолжетімді. Курсты сәтті аяқтап, қорытынды тестілеуден өткеннен кейін жүктеуге болатын электрондық сертификат беріледі. Аяқталған курс бойынша алынған дағдылар мен сертификаттар Enbek.kz-тегі пайдаланушының түйіндемесінде автоматты түрде көрсетіледі. Осылайша, Enbek мобильді қосымшасында бүгінгі күнде келесі мүмкіндіктер бар: жұмыс іздеу, жұмыссыздарды тіркеу, жұмысынан айырылу бойынша әлеуметтік төлемдер алу, Business.Enbek.kz кәсіпкерлікті қолдау қызметтеріне қол жеткізу және Skills Enbek курстарында оқу.

**Астана.**

## 1 АҚПАННАН «ҰЛТТЫҚ ҚОР - БАЛАЛАРҒА» ЖОБАСЫМЕН АҚША АУДАРЫЛА БАСТАЙДЫ

«Ұлттық қор — балаларға» жобасы аясында 1 ақпаннан бастап 18-ге толмаған балалардың бәріне бірдей мөлшерде ақша аударыла бастайды, деп хабарлайды. Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызы балалардың арнайы жинақтау шотына аударылады. Қаржы барлық балаға тең бөлінеді. Ұлттық қор қаражатын білім алуға және тұрғын үй жағдайын жақсартуға пайдалануға болады.

Егер балаңыздың деректері eGov-та жоқ болса, платформада «баланы қосу» деген батырма бар. Соны басып, баланың ЖСН нөмірін енгізу арқылы тіркеуге болады. Ал тіркеу кезінде ақпараттар шықпай жатса, «түзету» батырмасына өтіп, өз құжатыңызды, балаларыңыздың туу туралы куәлігін енгізесіз. Ата-аналар ешқандай құжат жинамайды, өйткені процесс тұтас автоматтандырылған. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Әділет министрлігімен бірлесіп, тиісті интеграциялық жұмыс жүргізіп отырады. Бала 18 жасқа толғаннан кейін шоттағы қаражаты 10 жыл сақталады. Осы 10 жыл ішінде шоттағы қаражат талап етілмеген жағдайда сол адамның зейнетақы шотына аударылады.

Болжам бойынша 2024 жылы туған баланың шотына 18 жылда 3500 АҚШ доллары жиналуы тиіс. Ал жыл сайын шамамен 150-160 доллар аударылады.

Ата-ана баласының шотына төлем түскен-түспегені туралы деректердің дұрыстығын және олардың eGov.kz порталының жеке кабинетіне енгізілгенін тексеру қажет. "Ұлттық қор - балаларға" бағдарламасы сайтында баланың жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) енгізу қажет болатын арнайы бөлім құрылады. Осының арқасында бала бағдарламаға қатысушы болды ма, көре аласыз.

Бұл ақпарат қордың веб-сайтында ақпанда балалардың шотына төлем түсе бастағанда пайда болады. Бұл қызметтер төлем жасалғаннан кейін жұмыс істей бастайды.

Ата-аналар немесе заңды өкілдер eGov.kz сайтындағы жеке кабинетінде әрбір бала туралы толық ақпаратты «Отбасы» бөлімінен көре алады.

**«Айғақ»-ақпарат.**

## 8 ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ НЫСАН МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ӨТТІ

2023 жылы Қазақстанда 4 иесіз қалған бөгет, 1 су қоймасы және 3 тоған мемлекет меншігіне өтті. Бұл Ақтөбе облысындағы 4 бөгет, сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысындағы 3 тоған мен су қоймасы. Елімізде жалпы саны 22 гидротехникалық нысанның қараусыз қалғаны анықталды, деп хабарлайды ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі.

Оның ішінде 5 нысан қираған және одан әрі пайдалануға жарамайды. Қалған 9 нысанды коммуналдық меншікке қабылдау бойынша жұмыс жүріп жатыр.

«Былтыр еліміздің гидротехникалық нысандарына түгендеу жүргізілді. Одан кейін облыс әкімдіктерімен бірлесіп оларды қалпына келтіру бойынша кешенді жоспар әзірленді. Аталған жоспарды іске асыру гидротехникалық құрылыстардың тозу мәселесін шешуге және олардың қолданысқа жарамдылығын арттыруға мүмкіндік береді», — деді ҚР Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов.

## РОБОТ СОТ ОРЫНДАУШЫСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

ҚР Әділет министрлігі Республикалық ЖСО палатасымен бірлесіп, Тараз қаласында жеңілдетілген атқарушылық істі жүргізуді енгізу бойынша пилоттық жобаны іске қосты, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі.

Осыған дейін азаматтар салынған айыппұлды уақытында өтей алмаған жағдайда, айыппұлдың 25%-ға дейінгі сомасын жеке сот орындаушыға төлеуге міндетті болатын. Енді бұл қызметті робот тегін атқарады.

Жаңа жобаның арқасында ел азаматтары 2 млрд теңгеге дейін үнемдей алады.

Жүйе алгоритмі келесідей тәртіппен жұмыс істейді:



1. ҚР Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті 50 күн ішінде төленбеген әкімшілік құқық бұзушылық үшін айыппұл сомасын өндіріп алу туралы үйғарым жібереді.

2. Робот 5 күнтізбелік күн ішінде талапты орындау қажеттілігі туралы SMS хабарлама жібереді.

3. Айыппұл бойынша ерікті төлем болмаған жағдайда, жүйе жеке сот орындаушысына мәжбүрлеп орындауға атқару парағын ұсынады.

4. Төлем уақтылы жүргізілсе, атқарушылық іс жүргізу артық шығынсыз тоқтатылады.

Жоба сәтті жүзеге асатын болса, оны бүкіл Қазақстан аумағына енгізу жоспарланып отыр.

## ҚАЗАҚСТАНҒА ӘЛ-ФАРАБИДІҢ «АС-СИХАХ» КІТАБЫ ЖЕТКІЗІЛДІ



Ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесінде ұлттық қорға енген мұралардың қатарында Отырардан шыққан ғұлама әрі ақын Исмаил бин Хаммад әл-Жауһари әл-Фарабидің «Ас-Сихах» атты кітабы да бар. Кітап атауының қазақша аудармасы «Тіл тәжі және араб тілінің дұрыс сөздері» деп аталады, деп хабарлайды ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі.

Орталық мемлекеттік архивінің қызметкерлері «Архив — 2025» бағдарламасы аясында Мысыр Араб Республикасынан көптеген тың деректерді елге жеткізді.

Сириядағы «Әл-Ассад ұлттық кітапханасынан табылған құнды еңбек — 40 мың түбірді біріктірген араб тілінің классикалық түсіндірме сөздігі ретінде бағалы. Сөздік араб тілі ғана емес, әдебиеті жөнінде де аса бай мағлұмат береді. Отырарлық ғұлама ғалымның аталған еңбегінің тағы бір қолжазба үлгісі Каир қаласындағы әл-Азһар университетінің кітапханасынан анықталып, көшірмесі алынды.

«2022 жылы архивтің қызметкерлері елге жеткізген «Ас-Сихах» еңбегі ғалымдар тарапынан зерттелуде. Құнды мұраның елімізде жоқ түпнұсқасының бір бөлігінің табылуы маңызды жаңалықтың бірі саналады. Себебі Исмаил әл-Жауһари әл-Фарабидің бұл шығармасы жалпы 6 томнан тұрады. Осыған дейін ғұламаның «Ас-Сихах» еңбегінің бір томы Алматы қаласындағы Ұлттық кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында қолжазба күйінде сақталған болатын. Мұнан бөлек бұл құнды еңбектің әртүрлі қолжазба нұсқалары Лондон, Берлин, Лейден, Париж қалаларындағы кітапханалардың қорында бар. Архив мамандарының Мысырдан тапқан нұсқасы елдегі нұсқаларды толықтыратынына сенім мол»,- деді Орталық мемлекеттік архивінің директоры Сәбит Шілдебай.

ҚР Орталық мемлекеттік архивінің ғылыми өкілдері Ресей, Франция, Қырғызстан, Белоруссияның мемлекеттік архивтерінде, сонымен қатар, Түркия, Иран, Египет сияқты елдердің кітапханалары мен архивтерінде жұмыс істеп, Қазақстан тарихына қатысты барлығы 20 мың парақтан астам құжат анықтап, көшірмесін әкелді.

## ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП ЖОБАЛАРЫНА 3%-ДЫҚ НЕСИЕ ҚОЛЖЕТІМДІ

ҚР Жеңіл өнеркәсібінің негізгі капиталына салынған инвестициялар 2023 жылғы қаңтар-қарашада 25 653,4 млн теңгені құрады, бұл 2022 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 4,3 есе жоғары, деп хабарлайды ҚР неркәсіп және құрылыс министрлігі.

Негізгі капиталға инвестициялардың ұлғаюы барлық кіші салаларда байқалады. Тоқыма бұйымдарын өндіруде 3,6 есе, киім 5,9 есеге, былғары және оған қатысты өнімдер 16,6 есеге өскен.

ткен жыл, соңында Түркістан облысында инвестиция көлемі 3 млрд теңге болатын мақта өңдеу зауыты, Батыс Қазақстан облысында инвестиция көлемі 1 млрд 300 млн теңге болатын бигбег өндірісі жұмысын бастады. Астана қаласындағы инвестиция көлемі 800 млн теңгені құраған тігін фабрикасы, Түркістан облысында инвестиция көлемі 300 млн теңге болатын тігін фабрикасы іске қосылды.

Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары үшін 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіледі. Несиелік сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау құралы шеңберінде кәсіпкерге жылдық 8% - бен кредиттер беріледі. Кредит бойынша кепілмен қамтамасыз ету жеткіліксіз болған жағдайда ішінара кепілдік беріледі.

«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы шеңберінде негізгі қарыз алушыға 8% дейінгі мөлшерлеме бойынша жеңілдетілген кредит беру ұсынылады.

Жаңа қаржы құралдарының бірі « неркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы жеңіл өнеркәсіп жобаларын 3%-дық мөлшерлемемен қаржыландыру болып табылады.

## БІРЫҢҒАЙ УАҚЫТ БЕЛДЕУІ БЕЛГІЛЕНЕДІ

«Қазақстан Республикасының аумағында уақытты есептеу тәртібі туралы» Үкімет қаулысына өзгерістер енгізілген болатын. згерістерге сәйкес, 2024 жылғы 1 наурызда сағат 00:00-ден бастап елдің бүкіл аумағында бірыңғай уақыт белдеуі орнатылады. Осылайша, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына 5-ші уақыт белдеуі (UTC+5) қолданылады, деп хабарлайды ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі... Сауда және интеграция министрлігі.

«Қазақстан Республикасының аумағындағы уақытты есептеу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 23 қарашадағы N 1749 қаулысына енгізілген өзгертулерге сәйкес, «Астана, Алматы қалаларының әкімдіктері, Шымкент, Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Шығыс Қазақстан облыстарында және Абай, Жетісу, Ұлытау облыстарында 2024 жылғы 29 ақпаннан 1 наурызға қараған түні (сағат 00:00-де) жергілікті уақытты 1 сағатқа артқа қою керек».

Бүгінгі таңда Қазақстанда UTC+5 және UTC+6 екі уақыт белдеуі бар. Ел аумағының көп бөлігі (батыс облыстарды қоспағанда) UTC+6 аймағында орналасқан.

Қазақстанда бірыңғай уақыт белдеуін орнатуды уақытты есептеу мәселелері жөніндегі жұмыс тобына кірген қазақстандық ғалымдар мен сарапшылар ұсынған.

Жұмыс тобы 2023 жылдың ақпанында қазақстандықтардың ең қолайлы уақыт белдеуіне көшу туралы бірнеше мәрте келіп түскен өтініштеріне байланысты құрылған. Оның құрамына ғылыми институттардың, медициналық жоғары оқу орындарының, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың өкілдері, Парламент депутаттары және т. б. кірді.

ткен жылдан бастап медицина, физиология, география,метрология және басқа да түрлі салаларды қамтитын жұмыс тобының мүшелері Қазақстанда қолайлы уақыт белдеуін белгілеу мәселесін зерттеп келеді.



Жұмыс тобына қатысушылар UTC+5 бірыңғай уақыт белдеуіне көшу ең дұрыс және оңтайлы нұсқасы екенін және Қазақстанның көптеген аймақтары табиғи уақытқа ең жақын уақытты пайдаланатын болады деген ортақ пікірге келді.

Бұл ретте жұмыс тобы халықаралық тәжірибені саралап, әлемнің 175 елінде бірыңғай уақыт белдеуі қолданылса, 22 мемлекет бірнеше уақыт белдеуінде екен.

Сондай-ақ сарапшылар бірыңғай уақыт белдеуін белгілеу еліміздің әр өңірінің тұрғындары арасындағы уақытша кедергілерді жойып, көлік және басқа да коммуникацияларды үйлестіруді жақсартып, бизнесті жүргізуге, мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылына оң әсерін тигізетінін атап өтті.

Қаулы ресми түрде жарияланып, 2024 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі.

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ДАМЫТУ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ӘЗІРЛЕНДІ

БҰҰ-ның электрондық үкіметтің әлемдік даму рейтингінде Қазақстан 28-ші орынға жайғасты, ал онлайн сервистерді ұсыну сапасының ішкі индексінде ТОП-10-ға кіріп, 193 елдің ішінде 8-ші орынды иеленді. Бұл - цифрлық экожүйе жетістіктерінің маңызды көрсеткіші. IT қызметтерінің экспорты 2020 жылдан бастап 12 есеге өсті. Мұндай деректерді Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық технологиялар саласын дамыту департаментінің директоры Ерсұлтан Ержанов жариялады.

«Біздің «Электрондық үкімет» қандай да бір халықаралық ұйымдардың есебінен әзірленбеген, мұның барлығы мемлекеттік қызметтерді цифрландырған, электрондық форматқа ауыстырған отандық IT компаниялардың қолындағы мәселе және бізде әлемде теңдесі жоқ кейс көп», — деді спикер.

ЦДИА М өкілі «IT ел» дамыған «электрондық үкімет» және «тұрақты IT нарық» екенін атап өтті. Бұл екі көрсеткіш те оң серпін береді.

Сондай-ақ Е.Ержанов Мемлекет басшысының жасанды интеллект пен Цифрлық кодекстің ұлттық платформасын құру туралы тапсырмаларын іске асыру туралы айтты.

«Платформа бойынша елімізде жасанды интеллектіні дамыту стратегиясының тұжырымдамасы әзірленді. Ол нарық пен біздің IT әуесқойларының бірлесіп жұмыс атқаруының арқасында әзірленді. Бұл бағытта жұмыс жүргізілуде. Біз жасанды интеллектіні дамыту үшін есептеу қуаты, білікті IT кадрлар, венчурлік инвестициялар және осы жобаларды коммерцияландыру сынды компоненттер негіз болып табылатынын жақсы түсінеміз. Осы компоненттердің әрқайсысы бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Жақын арада біз осы бағыттағы бірқатар жетістікті жариялаймыз деп ойлаймын», — деп сендірді спикер.

Арнайы құрылған жұмыс тобы Цифрлық кодексті әзірлеумен айналысуда.

Бетті жинақтап, дайындаған: Арайлым ӘБСАҒАТ.

## Ғ.СЫЗДЫҚБЕКОВ БІРҚАТАР НЫСАНДЫ АРАЛАДЫ

Өткен аптада қала әкімі Ғабит Сыздықбеков «Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжіне» барып, мәселелерімен танысты.

Аталған колледжде 1121 студент күндізгі бөлімде білім алады. Кадрларды даярлау «тоқыма өндірісі» мен «тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандықтары бойынша жүргізіледі. Дуалды оқыту бағытында 527 студент білімін жетілдіруде. Оқу орны 15 кәсіпорынмен келісімшарт жасаған. Сондай-ақ «Жас маман» жобасы аясында «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағында Құзыреттік орталығы ашылған. Мұнда 10 оқу-өндірістік шеберханасы жұмыс атқарады. Орталық 1 ауысымда 200 баланы қамти алады.

Колледжде оқу үдерісін ұйымдастыру үшін 5 оқу ғимараты жұмыс істеуде. Бұл ретте оқу процесіне пайдаланатын ғимараттың 3-қабаты жекеменшік иелігінде. Мәселемен танысқан қала әкімі жауаптыларға жекеге өтіп кеткен меншікті мемлекет иелігіне қайтару бойынша тапсырма міндеттеді.

Аралау барысында қала басшысы «Рахат-Шымкент» ЖШС кәсіпорынның жұмысымен танысты. Фабрика 2000 жылы құрылды. Негізгі акционері — кондитерлік өнімдердің ірі әлемдік өндірушісі кореялық LOTTE Confectionery компаниясы. Кәсіпорын қантты күлше, вафли, вафли түтіктері, карамель, зефир және мармелад өндірістерін жолға қойған. Бүгінде өндіріс көлемі жылына 24,0 мың тоннаға дейін өсті. Мұнда 1 мыңнан аса жұмысшы еңбек етуде.

Қала әкімі кондитерлік өнімдер желілерін дамыту барысында көптеген жобаны іске асырып отырған ірі кәсіпорынға әріптестік аясын кеңейте түсуді жеткізді.

## МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДА ТҮРКІСТАННЫҢ ӨЗ БРЕНДІ ҚАЛЫПТАСУДА

Түркістан облысында мәдениет саласын дамытудың тұжырымдамасы әзірленіп, негізгі бағыттары айқындалған. Облыс әкімі Дархан Сатыбалдының төрағалығымен өткен жиында осы салдағы жоспарлар талқыланды. Өңір басшысы өңірдің рухани және мәдени әлеуетін көтеру, өнер саласында Түркістанның өз брендін қалыптастыру жөнінде нақты міндеттер жүктеді.

— Киелі қаланың, облыстың брендін жан-жақты қалыптастыруымыз керек. Әсіресе, мәдениет саласында Түркістанның өз бренді болғаны дұрыс. Біздің бишілеріміз де, әншілер мен ансамбльдеріміз де өзімізден шығатын әрі Түркістан екенін білдіріп тұратын сәнді киіммен өнер көрсетулері керек. Түркістан рухани астана болғандықтан туристер біздің мәдениетімізді, ежелгі дәстүрімізді көргісі келеді. Таланттарды іздеңіздер, конкурс ұйымдастырыңыздар. Өткізетін мәдени іс-шараларымыз республикалық, халықаралық деңгейде болуы қажет. Мәдениеттің барлық бағытын дамыту жұмысын жандандырыңыздар. Жауапты басқарма болғасын, аудан, қалалардың да мәдениетін жандарыңыздар. Мәдениет үйлері тек жиналыс өткізетін орынға айналмасын. Әрбір ауданның өзіндік тіршілігі болғаны сияқты, қайталанбас мәдениет бағдарламасы да болуы тиіс. Олардың заманауи бағытта жұмыс істеуін қадағалаңыздар. Сонымен қатар кітапхана пункттерін ашуды көбейтіңіздер. Кітап оқу мәдениетін қалыптастыру қажет. Қазір жас режиссерлар аз қаржыға жақсы сериалдар түсіріп жатыр. Туындылары орталық Азия елдерінде таралуда. Солармен байланыс орнатып, Түркістанды насихаттайтын жобаларды жасау керек. Креативті индустрияны дамыту — уақыт талабы, — деген Дархан Сатыбалды басқарма басшысы мен аудан, қала әкімдеріне тапсырмалар берді.

Түркістан облысы мәдениет және туризм басқармасының басшысы Әзімхан Қойлыбаевтың айтуынша, креативті индустрия аймағын құру жұмыстары қолға алынуда. Биыл мәдениет саласын дамытудың негізгі 6 бағыты бойынша жоспарлар дайындалған. Түркістан қаласының монументті өнер туындыларының орнатылуы туралы тұжырымдама дайындалды. Соңғы 3 жылда орнатылған монументті өнер туындыларына мониторинг жұмыстары жүргізіліп, 17 заңсыз орнатылған монумент заңдастырылды.

Биыл ЮНЕСКО-ның халықаралық тізіміне енгізу мақсатында «Арпаөзен» тарихи-мәдени кешеніне археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде 5000-нан астам петроглиф сыры ашылып, халықаралық тізімге енгізу бойынша ұсыныс жолданады. Қазіргі таңда петроглифтердің есеп карточкалары, ғылыми сараптамалары дайындалып, жаңадан тарихи-мәдени мұра нысандары анықталды. Биыл аталған петроглифтерге зерттеу жұмыстарының екінші кезеңі жүзеге асырылмақ. Облыстағы алдын ала есепке алу тізімінде тұрған жергілікті 100 тарихи-мәдени мұра объектілеріне ғылыми сараптама жүргізіледі.

2023 жылы «Ауыл ел — бесігі» бағдарламасы аясында 13 мәдениет үйін (кітапханасымен бірге) пайдалануға берілді. Биыл мемлекеттік шығармашылық тапсырыс аясында өнім беруші үйірмелер арасында тұңғыш рет облыстық өнер байқауы ұйымдастырылмақ. «TURKISTANYM» жобасы аясында өңірдегі киелі орындар мен Түркістан қаласындағы ерекше орындар туралы танымдық роликтер түсіріліп, әлеуметтік желілер арқылы насихатталуда. Ауылдарда отандық киноларды насихаттау бойынша тұрақты түрде кинокөрсетілімдер ұйымдастырылған. Сондай-ақ кітап оқитын оқырмандар санын арттыру, халық мәдениетін көтеру мақсатында бірқатар ауқымды жобалар ұйымдастырылды.

Биыл тұңғыш рет республикалық деңгейде жаңа термелер байқауын ұйымдастыру жоспарлануда. Сонымен қатар республикалық деңгейде атап өтілетін тұлғалардың мерейтойларын атқару бағытындағы шаралардың жоспары әзірленуде.

Облыстағы өнер мекемелеріне қосымша штаттық бірліктер беріліп, кәсіби мамандар тұрақты жұмысқа тартылды. «Конгресс холл» көпсалалы кешенінде «Jana Lep» өнер ұжымы қалыптасты. «Құстар қайтып келеді» мюзиклі сахналанып, өнер майталмандары мен көрерменедердің ыстық ықыласына бөленді. Аталған ұжым аудан, қалалардан бөлек, көрші облыстарда да өнер көрсетпек.

Облыста әлемге белгілі көркемөнер ұжымдары мен орындаушылардың, театрлардың гастрольдерін, сондай-ақ ірі шетел музейлерінің көрмелерін ұйымдастыру көзделуде. Облыстық «Балтаңдай», республикалық «Түркістан дауысы» дәстүрлі форматта өткізіледі. Халықаралық «Voice of Turan» байқауы биыл ерекше форматта өтеді деп жоспарлануда.

## АУСТРАЛИЯ ТӘСІЛІМЕН МАЛ БАЗАРЫ САЛЫНАДЫ

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалдының төрағалығымен өңірлік инвестициялық штабтың биылғы алғашқы отырысы өтті. Жиында 20-дан астам жобаның жүзеге асырылу барысы, қазіргі жай-күйі сарапталып, өзекті мәселелері талқыланды.

Бүгінде облыста «Саутс ойл» компаниясы өңдеу өнеркәсібі және энергетика саласында 5 ірі инвестициялық жобаны жүзеге асыруда. Бұл туралы компания өкілі С. Абдуллаев баяндады. Ордабасы ауданындағы мұнай өңдеу зауыты құрылысының бірінші кезеңі аяқталған. Екінші кезеңі келесі жылы аяқталып, 650 жұмыс орны ашылмақ. Мемлекет тарапынан қолдау бар. Жұмыс жалғасуда.

Созақ ауданында күкірт қышқылын өндіру зауытын салу бойынша «Қазатомөнеркәсіп ҰАК» АҚ-ның, Сайрам ауданындағы генерацияның маневрлік режимінен бу-газ қондырғысын салу бойынша «ПГУ Түркістан» ЖШС-нің өкілдері айтып берді. Қос жоба да аса маңызды.

Сайрам ауданында «Nurym Group» ЖШС-нің құрама жем зауыты, мал сою комбинаты және жануарлардың қалдықтардың терең өңдеу, заманауи мал базары жобалары, сондай-ақ Арыс қаласында «Turkestan agro.kz» ЖШС-нің 4500 га алқапқа жаңбырлату жүйесін енгізу және 25 мың бас ірі қара мал бордақылау алаңы құрылысы жобалары бойынша компанияның негізін қалаушысы С.Ертаев баяндады.

Инвестордың айтуынша, бұл жобалар арқылы жұмыс орындары көбейеді. Австралиялық тәсілмен салынатын заманауи мал базарында саудагерлерге де, келушілерге де қолайлы жағдай жасалмақ. ЖСҚ және рұқсат құжаттарын әзірлеу жұмыстары жүргізілуде. Австралиялық компаниялардан коммерциялық жеңілдіктер күтілуде. Алматы-Самара тас жолының бойында 40 га мал базарын салу үшін жер учаскелері анықталды.

«Жауапты басқармалар мен аудан, қала әкімдері әрбір жобаны сүйемелдеп, соңына дейін жетуін бақылауда ұстасын. Әр жоба бойынша Жол картасы әзірленіп, әкімдік өз міндетін, инвесторлар өз міндетін уақтылы орындаулары тиіс. Созбалаңға салуға болмайды. Бізге өндірісті дамыту, жұмыс орындарын ашу аса маңызды. Инвестициялық штабта айтылған мәселелер хаттамаға енгізіліп, тиісті жұмыс жүргізілсін», деген Дархан Сатыбалды жауаптыларға тапсырма берді.

Инвестициялық штаб отырысында Кентау қаласындағы «Кентау байыту фабрикасын» қайта жаңарту және өндірістік қалдықтарды қайта өңдеу өндірісін іске қосу бойынша «KazOilEnergy» ЖШС директоры А.Қалабаевтың, Шардара ауданында жүгері дәндерін терең өңдеу зауытын салу бойынша «Казкрахмал» ЖШС өкілінің ұсыныстары тыңдалды.

Бәйдібек ауданындағы травертинді әрлеу тастарын өңдеу жобаларын жүзеге асырушы инвесторлар да мәселелері мен өтініштерін айтты. Ол назарға алынып, жер мен электр мәселесі ше-шілетін болды. Сауран ау-данындағы тоңазытқыш жабдықтарын шығаратын зауыт салу бойынша украиналық «UBC BG» ЖШС өкілі айтып берді. Сонымен бірге өзге де инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жолдары талқыланды.

## САЙРАМ АУДАНЫНДА ЗАМАНАУИ МАЛ БИРЖАСЫ АШЫЛАДЫ

Жуырда Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды ҚР Үкіметі делегациясының құрамында Австралия мемлекетіне барып, бірқатар келіссөз жүргізген болатын. Соның ішінде Түркістан облысында халықаралық талапқа сай мал базарын ашу мәселесі қозғалған. Бүгінде осы бағытта нақты жұмыс жүргізілуде.

Өңірлік инвестициялық штаб отырысында да осы жобаны жүзеге асыру бойынша тапсырмалар берілген. Осыған байланысты Сайрам ауданының әкімі Арман Сәбитов Австралиядан арнайы келген мамандармен кездесіп, өңірде мал шаруашылығы саласына қатысты ауқымды жобаны талқылады.

Айта кетейік, Сайрам — ауыл шаруашылығы өркендеген іргелі аудандардың бірі. Биыл ауданда елімізде бұрын-соңды болмаған «Мал биржасы» жобасы бастау алмақ. Бұл жоба «Nurym Group» компаниясы тарапынан австралиялық үлгіде жасалады. Кәсіпкер Сырым Ертаевтың айтуынша, мұнда мал сатушыларға да, шаруаларға да, келушілерге де жағдай жасалады.

Жаңа жобада мал базарының құрылымын түзуде сатушылар мен төрт түліктің, сауда жасаушылардың қауіпсіздігіне ерекше назар аударылмақ. Онда саудаға әкелінген малды ыңғайластыруда заманауи технологиялар қолданылады. Сонымен қатар малдарға арналған арнайы орындарда олардың жем-шөбі мен суының уақтылы берілуіне жағдай жасалған. Ең бастысы, мал биржасында тазалықтың талапқа сай болуы қатаң қадағаланады.

Қазіргі таңда жобаның сметалық құжаттамасы австралиялық мамандармен бірге әзірленуде. Жоба Алматы-Самара тас жолының бойында салынады. Қазір арнайы жерді әзірлеу, инфрақұрылымын жасақтау мәселелері бойынша зерделеу жұмыстары жүріп жатыр

## САУРАНДА 5 МЫҢ БАС ІРІ ҚАРАҒА АРНАЛҒАН БОРДАҚЫЛАУ АЛАҢЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Сауран ауданына қарасты Оранғай ауылдық округінде 5 000 бас малға арналған бордақылау алаңы іске қосылды. Кооператив жылына 4 000 тонна ет дайындауға қауқарлы. Шаруа қожалық төрағасы Аброр Рысқұловтың айтуынша, мал бордақылау алаңы 1,7 гектарды құраса, жоба құны - 1,5 млрд. теңге. Бүгінде алаңда 20-25 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Осы орайда аудан әкімі Мақсат Тәңгатаров аталған «Жасыл аймақ» ауыл шаруашылық өндірістік кооперативінің жұмысымен танысты. Асыл тұқымды мал санын арттыру және олардың өнімділігін көбейту мақсатында шетелден 500 бас асыл тұқымды ірі қара сатып алынған. Алдағы уақытта оны 5 000 басқа дейін көбейту жоспарланып отыр.

# АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДЫ ДАМЫТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН



2022 жылгы 16 наурызда Парламент Палаталарының бірлескен отырысында Мемлекет басшысы Қ. Қ. Тоқаев «Жаңа Қазақстан: жаңару және жаңгыру жолы» атты халыққа Жолдауында ауқымды конституциялық реформа жүргізуге бастамашылық жасай отырып, елдің саяси жүйесін кешенді жаңгырту багдарламасын жариялады. Конституциялық реформаның мәні “«Суперпрезиденттік» басқару формасынан «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін үкімет» қагидаты бойынша құрылган мемлекетке ауысу, сондай-ақ Парламент пен мәслихаттардың ықпалын күшейту.

Конституциялық реформаның маңызды жаңашылдықтарының бірі ретінде Парламентпен 2022 жылгы қыркүйекте қабылданган «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» заңымен енгізілген Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттік мерзімдерін екі 5 жылдықтан бір 7 жылдық мерзімге шектеу жөніндегі нормаларын атап өту орынды.

Сонымен қатар Конституцияга Республика Президентінің жеті жыл мерзімге сайланатындыгы және сол адамды бір реттен артық сайлай алмайтындыгы туралы Конституцияда белгіленген ережелердің өзгертуге жатпайтындыгы туралы түзету енгізілді.

Осылайша, ел Президентінің өкілеттігін қайта сайлау мүмкіндігінсіз бір мерзімге шектеу туралы норма Конституцияның ажырамас бөлігіне айналды және кейіннен қайта қаралуга жатпайды. Бұл саяси артықшылыққа жол берудi болдырмай, саяси бәсекелестіктің нығаюына мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы атап өткендей, болашақ Президенттерді жеті жылдық мерзімге бір мәрте сайлау туралы норма олардың алдында жалпыұлттық стратегиялық мәселелерді кейінге қалдырмай шешу қажеттілігін тудырып, «биліктi монополизациялау қаупін азайтатын болады».

Айта кету керек, қалыптасқан демократиялық дәстүрлері және құқықтық, саяси мәдениеті бар дамыган елдерде, әдетте, Президент 4-5 жылдық мерзімге бір рет қана сайлана алады, бұл жалпы алганда 8-10 жылдық мерзімді құрайды.

Бірқатар елдің Конституцияларында келесі мерзімге сайлау құқыгынсыз Мемлекет басшысын сайлаудың бір реттік мерзімі бекітілген. Мысалы, Албанияда (5 жыл), Израильде (7 жыл), Корея Республикасында (1987 жылдан бастап 5 жыл), Мексикада (6 жыл), Моңголияда (2019 жылдан бастап 6 жыл) және басқа да мемлекеттер.

Бұдан басқа, 2022 жылгы конституциялық реформа нәтижесінде, Қазақстан Республикасы Президентінің өз өкілеттіктерін жүзеге асыруы кезінде саяси партияларга мүше болуга тыйым салынды. Аталган түзету Конституцияның 40 - бабының 2-тармагымен байланысты, онда Республика Президенті халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызгымастыгының, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі ретінде бекітілген. Президент саяси алаңның «төрешісі» бола отырып, өз шешімдерінде саяси тұргыда бейтараптықты сақтап, қандай да партияга артықшылық көрсетпей, елдің барлық азаматтарының мүддесі үшін қызмет етуі қажет. Конституцияга аталган түзетуді енгізу Президенттік биліктің шогырлануын шектеуге, партиялық-саяси алаңдагы бәсекелестікті нығайтуга багытталган.

Ел Президентінің саяси партияларда болуына тыйым салатын түзетулер саяси бәсекелестікті арттыруга ықпал етіп, барлық партиялардың дамуы үшін тең жагдай жасап, бүкіл мемлекеттік аппараттың жұмысына оң әсер ететін болады.

Сонымен қатар конституциялық түзетулер Президенттің жақын туыстарына мемлекеттік саяси қызметшілердің, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының қызметтерін атқаруга тыйым салды. Бұл қадам билікті теріс, сондай-ақ жеке мақсаттарга пайдалану мүмкіндігін шектеуге багытталган.

Қазақстан Республикасы Президентінің облыстық, республикалық маңызы бар қала және Астана әкімдерінің шыгарган актілерін жою немесе тоқтата тұру құқыгын, аудан және облыстық маңызы бар қалалар, қаладагы аудан, аудандық маңызы бар қаладагы, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерін қызметтен босатуга мүмкіндік беретін нормалар алынып тасталды.

Конституцияга сәйкес, әкімдердің шешімдері мен өкімдерінің күшін тиісінше Қазақстан Республикасының үкіметі не жогары тұрган әкім жоюы мүмкін, сондай-ақ олардың күші сот тәртібімен жойылуы мүмкін.

Мемлекет басшысы «Жаңа Қазақстан: жаңару және жаңгыру жолы» атты халыққа Жолдауында Президенттің артық өкілеттіктерін алып тастау және әкімдерге жергілікті жерлерде шешім қабылдау кезінде көбірек дербестік беру арқылы «қолдан басқарудың» тәжірибесінен бас тарту қажеттігін атап өтті.

Бұл қадамдар жергілікті атқарушы органдардың дербестігі мен жауапкершілігінің және тұтастай алганда жергілікті мемлекеттік басқару тиімділігінің артуына ықпал етеді.

Республика Президенті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдері лауазымына кемінде екі кандидатура ұсынатыны туралы нормалар да енгізілді. Республика Президенті аталган әкімдерді қызметке тагайындауды тиісті мәслихаттар депутаттарының келісімімен жүзеге асырады.

Әкімдерді балама негізде сайлау тетігін іске асыру мәслихаттардың рөлі мен ықпалын күшейтеді, сондай-ақ кадрлық шешімдерді қабылдау кезінде жергілікті халықтың мүдделерін ұтымды ескеруге мүмкіндік беріп, халық пен мемлекеттік органдар арасындагы өзара қарым-қатынас деңгейін арттырады.

Сенатты қалыптастыру тәртібі жалпы өзгеріссіз қалдырылды, ол бұрынгыдай әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан өкілдік ететін депутаттардан құралады.

Сонымен бірге Сенаттагы «президенттік квота» 15-тен 10 депутатқа дейін қысқартылып, оның ішінде 5-і Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша тагайындалатыны туралы өзгеріс енгізілді.

Жалпы Сенаттагы «президенттік квотаның» қысқаруы (3 жаңа аймақтан сайланган сенаторлар санының артуымен бірге) Президенттің Парламент қабылдаган шешімдерге ықпал ету мүмкіндігін азайтып, жогары заң шыгарушы органның жауапкершілігін арттыратын болады.

Мемлекет басшысы бастамашылық еткен саяси реформаларды іске асыру шеңберінде саяси партияларды тіркеу рәсімдері, соның ішінде, «Саяси партиялар туралы» заңына сәйкес партияларды тіркеу тәртібі жеңілдетілді. Саяси партияны құру кезінде бастамашы топтың саны 1 мыңнан 700 адамга дейін, саяси партияларды тіркеудің сандық шегі 20 мыңнан 5 мың адамга дейін, аймақтардагы саяси партиялар өкілдіктерінің саны 600-ден 200-ге дейін қысқартылды; саяси партияның Құрылтай съезін (конференциясын) өткізу мерзімі (2 айдан 3 айга дейін) және ұйымдастыру комитетінің қызметін тоқтату мерзімі (6 айдан 7 айга дейін) ұлгайтылды.

Қорытындылай келіп, ел Президенті бастамашылық еткен саяси реформалардың ерекше маңыздылыгы мен өзектілігін атап өткім келеді, өйткені олар демократиялық, құқықтық мемлекет құруга, құқық коргау институттарын нығайтуга және де бәсекеге қабілетті партиялық жүйе мен азаматтық қогамды дамытуга багытталган. Олар саяси жүйені демократияландыруга, азаматтық қогамды дамытуга және азаматтарга мемлекеттік басқару ісіне тікелей қатысуга жол ашты.

**Нұрлан БЕКНАЗАРОВ,**
*Парламент Сенатының депутаты, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қоргау органдары комитетінің төрагасы*

**Egemen Qazaqstan, 18.01.2024 ж.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

04.03.2024жылы, сагат 12:00-де Түркістан облысы, Орбадасы ауданы, Шұбар ауылдық округі, Шұбар ауылы, Қ.Сагырбаев көшесі 5 мекен жайында «Түркістан облысы, Ордабасы ауданындагы С1-4 блогындагы «Бөржар-1» кен орнында шөгінді жыныстарды (сазды) өндіру бойынша тау кен жұмыстарының жоспары» жобасы бойынша қогамдық тыңдау өткізеді. Карантин жагдайында қогамдық тыңдау онлайн режимде өткізіледі.

Онлайн конференцияга сілтеме: https://us04web.zoom.us/j/616540859-6?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Конференция идентификаторы: 6165408596 Кіру коды:123456.

Белгіленіп отырган қызметтің бастамашысы: «Береке Групп Ком» ЖШС БИН 220840005034 Байланыс: тел. 8701 8526341. E-mail: Rich_007@-mail.ru Әзірлеуші: ЖК «Баймаханова Г.М.» Шымкент қ. Желтоқсан көш. 20Б-307. ИИН 861107402392 Байланыс тел: +7 705 717-00-26. E-mail: bgm-86@mail.ru.

Қогамдық тыңдауларга шыгарылатын материалдармен сілтеме бойынша танысуга болады: https://ecoportal.kz және ЖАО “Түркістан облысының табиги ресурстар және табигат пайдалануды басқармасы “ ММ сайтында https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lanq=ru ұсынылады. ЖАО эл.адрес a.esenbai@ontustik.gov.kz Пошталық мекенжай: 160023 Түркістан қ., Жаңа қала м/а, көше. 32,20.

Ескертулер мен ұсыныстар Бірыңгай экологиялық порталда «Жарияланган тыңдаулар» және a.shymabekova@ontustik.gov.kz айдарымен қабылданады. Жоба құжаттары бойынша қосымша ақпаратты: Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шұбар ауылдық округі, Шұбар ауылы, Қ.Сагырбаев көшесі 5 және 8701 8526341, +7 705 717-00-26 телефондары бойынша алуга болады.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

04.03.2024г, в 12:00 часов, по адресу: Туркестанская область, Ордабасинский район, сельский оркуг Шубар, с.Шубар, ул. К.Сагирбаев дом 5 будут проводится общественные слушания по проекту «План горных работ для добычи осадочных пород(суглинка) на месторождении «Боржар-1» блок С1-4 в Ордабасинском районе, Туркестанской области». В случаи карантина общественные слушания будут проводится в онлайн режиме.

Ссылка на онлайн конференцию: https://us04web.zoom.us/j/616540859-6?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Идентификатор конференции: 6165408596 Код доступа: 123456

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Береке Групп Ком» БИН 220840005034 E-mail: Rich_007@mail.ru Тел: 8701 8526341. Разработчик: ИП «Баймаханова Г.М.»

ИИН 861107402392, г.Шымкент, ул.Желтоксан 20Б-307. E-mail: bgm-86@mail.ru Тел:8 705 717-00-26 С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале https://ecoportal.kz, а также сайте МИО https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lanq=ru ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области». Эл.адрес МИО a.esenbai@ontustik.gov.kz Почтовый адрес: 160023 г.Туркестан, мкр.Новый город, ул.32,20.

Замечания и предложения принимаются на Едином экологическом портале в рубрике «Опубликованные слущания» и a.shymabekova@ontustik.gov.kz. С дополнительной информацией по материалам проекта можно ознакомиться по адресу и номерам: Туркестанская область, Туркестанская область, Ордабасинский район, сельский оркуг Шубар, с.Шубар, ул. К.Сагирбаев дом 5 и по телефонам 8701 8526341, 8 705 717-00-26.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

04.03.2024 жылы, сагат 11:00-де Түркістан облысы, Орбадасы ауданы, Шұбар ауылдық округі, Шұбар ауылы, Қ.Сагырбаев көшесі 5 мекен жайында «Түркістан облысы, Ордабасы ауданындагы «Шұбар» кен орнында шөгінді жыныстарды (сазды) өндіру бойынша тау кен жұмыстарының жоспары» жобасы бойынша қогамдық тыңдау өткізеді. Карантин жагдайында қогамдық тыңдау онлайн режимде өткізіледі.

Онлайн конференцияга сілтеме: https://us04web.zoom.us/j/6165408596-?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Конференция идентификаторы: 6165408596 Кіру коды:123456.

Белгіленіп отырган қызметтің бастамашысы: «АлтынТас LTD» ЖШС БИН 201040011465 Байланыс: тел.8 702 7523691.E-mail: zverevamasha@mail.ru Әзірлеуші: ЖК «Баймаханова Г.М.» Шымкент қ. Желтоқсан көш. 20Б-307. ИИН 861107402392 Байланыс тел: +7 705 717-00-26. E-mail: bgm-86@mail.ru.

Қогамдық тыңдауларга шыгарылатын материалдармен сілтеме бойынша танысуга болады: https://ecoportal.kz және ЖАО “Түркістан облысының табиги ресурстар және табигат пайдалануды басқармасы “ ММ сайтында https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lanq=ru ұсынылады. ЖАО эл.адрес a.esenbai@ontustik.gov.kz Пошталық мекенжай: 160023 Түркістан қ., Жаңа қала м/а, көше.32,20. Ескертулер мен ұсыныстар Бірыңгай экологиялық порталда «Жарияланган тыңдаулар» және a.shymabekova@ontustik.gov.kz айдарымен қабылданады.

Жоба құжаттары бойынша қосымша ақпаратты: Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шұбар ауылдық округі, Шұбар ауылы, Қ.Сагырбаев көшесі 5 және 8 702 7523691, +7 705 717-00-26 телефондары бойынша алуга болады.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

04.03.2024г, в 11:00 часов, по адресу: Туркестанская область, Ордабасинский район, сельский оркуг Шубар, с.Шубар, ул. К.Сагирбаев дом 5 будут проводится общественные слушания по проекту «План горных работ для добычи осадочных пород(суглинка) на месторождении «Шубар» в Ордабасинском районе, Туркестанской области». В случаи карантина общественные слушания будут проводится в онлайн режиме.

Ссылка на онлайн конференцию: https://us04web.zoom.us/j/61654085-96?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Идентификатор конференции: 6165408596 Код доступа: 123456

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «АлтынТас LTD» БИН 201040011465 E-mail: zverevamasha@mail.ru Тел: 8 702 7523691. Разработчик: ИП «Баймаханова Г.М.»

ИИН 861107402392, г.Шымкент, ул.Желтоксан 20Б-307. E-mail: bgm-86@mail.ru Тел:8 705 717-00-26

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале https://ecoportal.kz, а также сайте МИО https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lanq=ru ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области». Эл.адрес МИО a.esenbai@ontustik.gov.kz Почтовый адрес: 160023 г.Туркестан, мкр.Новый город, ул.32,20.

Замечания и предложения принимаются на Едином экологическом портале в рубрике «Опубликованные слущания» и a.shymabekova@ontustik.-gov.kz. С дополнительной информацией по материалам проекта можно ознакомиться по адресу и номерам: Туркестанская область, Туркестанская область, Ордабасинский район, сельский оркуг Шубар, с.Шубар, ул. К.Сагирбаев дом 5 и по телефонам 8 702 7523691, 8 705 717-00-26.

# АНЫҚТАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ШЕШІЛУІНЕ ДЕПУТАТТАР БАРЫНША АТСАЛЫСЫП КЕЛЕДІ

**Нұралы ӘБІШОВ** *Түркістан облыстық мәслихатының төрағасы*



2023 жылды табысты аяқтап, жаңа жылды қарсы алдық. ткен жыл облысымыз үшін табысты жыл болды. Түркістанды жаңа заманмен үндестіре түлету, сондай-ақ облыстың экономикалық әлеуетін арттыру жөніндегі жұмыстар толассыз жүргізілді.

Осы орайда, өткен жылы облыстық мәслихатта атқарылған жұмыстарды қорытындылап, алдағы жоспарларды айқындап алудың сәті келіп отыр.

Мәслихат — халық сайлайтын, халықтың еркін білдіретін жергілікті өкілді орган. Бүгінде елдің алдында тұрған экономикалық және әлеуметтік міндеттерді орындауға ықпал етуде мәслихаттар маңызды рөл атқарады.

здеріңізге белгілі, ағымдағы жылы сәуір айынан бастап жаңа сегізінші шақырылымдағы мәслихаттар жұмысына кіріскен болатын. Облыстық мәслихатқа 46 депутат сайланды.

Сонымен қатар, 3 тұрақты комиссия құрылып, олардың төрағалары сайланды.

Жалпы, мәслихаттардың еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына, әлеуметтік кепілдіктерді сақтауға, халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған шешімдер қабылдау тұрғысынан қосар үлесі өте зор.

Осы тұрғыда, өткен жылы облыстық мәслихаттың 8 сессиясы өткізіліп, түрлі салаларға қатысты маңызды мәселелерді реттейтін 115 шешім қабылданды, оның ішінде 29 шешім (нормативтік құқықтық акт) облыстық Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өтті. Қабылданған әрбір шешім алдынала міндетті түрде мәслихаттың тиісті тұрақты комиссияларында егжей-тегжейлі пысықталып, содан соң сессияларда талқыланды.

Атап айтқанда, 2023 жылы бюджет, экономика және ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының 10 отырысы өткізіліп, 38 мәселе қаралса, әлеуметтік-мәдени даму, мемлекеттік-құқық, жергілікті өзін-өзі басқару және депутаттық этика мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның 10 отырысы өткізіліп, 91 мәселе қаралды.

Сол сияқты кәсіпкерлік, құрылыс, инфрақұрылымды дамыту, жер қатынастары және табиғатты пайдалану мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның 8 отырысы өткізіліп, 44 мәселе қаралды. Сессияларда облыстық бюджетке өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, тиісті жылдың облыстық бюджеті 4 рет нақтыланды.

Депутаттардың белсенділігін арттыру мақсатында регламентке өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

14 мемлекеттік мекеменің есептері тыңдалды. Есебі тыңдалған мекемелердің жұмыстарын зерделеу үшін алдын-ала арнайы уақытша депутаттық топтар құрылды. Солардың бірқатарына тоқталып өтсем, депутаттық топтар өткен жылдың 23-31 мамыр аралығында өңіріміздің барлық аудан, қалаларындағы спорт нысандарының, 2023 жылдың 14-28 тамыз аралығында барлық аудан, қалалардағы білім саласы мекемелерінің жағдайымен танысып, жұмыстарына зерделеу жүргізді.

Нәтижесінде бірқатар кемшіліктер анықталып, Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы мен білім басқармасының жұмыстарына қанағаттанарлықсыз деген баға берілді және тиісті ұсыныстар жолданды.

